

Хаттама №3

А.С.Пушкин атындағы орта мектебінде 2023 жылдың 4қыркүйегінде қамқоршылық кеңес отырысы болып өтті

Қатысқаны – 9

Қатыспағаны - 0

Күн тәртібінде:

1. Жаңа оқу жылының басталуы (А.Мырзағалиев)
2. Өрт қауіпсіздік шараларының сақталуы (С.Шаршыбаев)
3. Әлеуметтік көмек қажет ететін оқушыларға көмек көрсету (Қ.Нұғыман)

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры: Мырзағалиев А.О.

Биылғы 2023-2024 оқу жылын 150 оқушымен бастап отырмыз.. Оқу-тәрбие салаларындағы барлық жоспарлар құрылып, бекітіліп, жұмыстар жүргізілуде. Оқушылардың білім алуына қолайлы жағдай жасау мақсатында барлық кабинет санитарлық талапқа сай жарық, әрі ыңғайлы етіп қарастырылған. Барлық мұғалімдерің жылдық жұмыс жоспарлары құрылып, бекітілген. Мектебімізде 11 класс жетекші, 3 ақылы және 6 ақысыз мектепшілік үйірмелер жетекшілері, 3 бірлестік жетекшісі, қоғамдық жоба жетекшілері тағайындалып, өз жұмыстарын жоспарлы түрде бастауда.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектептің шаруашылық жетекшісі: Шаршыбаев С.О.

Адам өмірі ең қымбат байлық. Көп жағдайларда адамға өзінің, өз жақындарының өмірін сақтап қалу үшін қарапайым ережелерді білу қажет болады. Әрбір адам өмір қауіпсіздік негіздерін білу керек. Осы орайда мектебімізде жылда жүргізілетін жұмыстар бойынша «өрт қауіпсіздігінің алдын-алу» іс-шаралар жоспары жасалып, бекітілді. Сонымен қатар мектеп іші мен сырты жұмыс кезінде, беймезгіл уақытта өртке қарсы қорғалуын және өрт қауіпсіздігінің тиісті деңгейде сақталуына жауаптылар бекітілді. Өртке қарсы қорғау жүйелерін пайдалануға, бастапқы өрт сөндіру құралдарын сатып алуға, жөндеуге, сақтауға және іс-қимылдарға әзірлігіне, техникалық қызмет көрсету мен жоспарлы сақтандыру, жөндеуді уақытылы және сапалы өткізу негізінде өзім және АӘД жетекшісі Ә.Нұралы жауапты болып бекітіліп, алдағы уақытта бірлесіп жұмыстар атқарамыз.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог Қ.Нұғыман.

Жыл басында әлеуметтік жағынан аз қамтылған, жетім және жартылай жетім отбасы балаларын анықтау мақсатында сыныптарға зерделеу жұмыстары жүргізілді. Көп балалы жанұядан шыққан оқушылар саны- 75, аз қамтылған отбасы бала саны- 8, жартылай жетім балалар саны, анасы жоқ -1оқушы, әкесі жоқ - 2оқушы. Осы аталған әлеуметтік жағдайларын ескеріп, әлеуметтік санаттарына байланысты отбасы балалары анықталып, жылда көмек көрсетіп келеміз. Биылғы оқу жылында әлеуметтік санаттарына байланысты жалпыға бірдей оқу қорынан қаражат алуға өтініш білдірген 25 ата-анаға қаржылай көмек берілді. Сонымен қатар әлеуметтік санаттарына байланысты 25оқушы мектебімізде ыстық тамақпен қамтылды.

Шығып сөйлеушілер: Есетбаева Жанәгүл - бала бақшы әдіскері, қк. Мүшесі

Күн тәртібіндегі үш мәселе бойынша тыңдап отырмыз, барлық жұмыстардың жоспарлары құрылып, орындалып жатыр екен, бұл құптарлық іс. Мектеп ұжымы бірлесіп өз жұмыстарын жоспарлы түрде жүргізеді деп сенім білдіремін. Өмір қауіпсіздік ережелерін үнемі балалар біліп, сақтық шаралары жүргізілуіне жауапты тұлғалар белгіленген. Сонымен қатар әлеуметтік санаттарына байланысты оқушыларға көмек берілгені өте жақсы тындырылған жұмыс деп есептеймін. Бұл да ата-анаға үлкен қолдау деп білемін. Алдағы уақытта осындай жұмыстар жалғаса берсін деп сенім артамын.

Жоғарыдағы мәселелерді талқылай келе шешім етеді:

1. Өрт қауіпсіздік шараларының сақталуына жауаптылар анықталып, ұсынысын
2. Әлеуметтік көмек қажет ететін оқушыларға көмек көрсету жұмысы үнемі жүргізілсін.

Қамқоршылық Кеңестің төрағасы: Алмышев Е.А.

Кеңестің хатшысы: Табанова Г.Қ.

